CMYK


# АЙМАҚ АҚШАМЫ

№1 (114) ЖҰМА 10 қаңтар 2025 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ




## ЖАҢА ЖЫЛДЫ ЖАҢА ПӘТЕРМЕН

***Жаңа 2025 жылдың қарсаңында Қаныш қаласының 25 тұрғыны жаңа пәтердің кілтіне ие болған еді. Бұл желтоқсанның 25-і болатын.***

-Қазіргі кезде екі мыңнан аса адам үй кезегінде тұр. Көппәтерлі үш тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр, мұның екеуі таяу арада пайдалануға беріледі. Бұл пәтерлерді халық «Отбасы банк» АҚ арқылы жеңілдетілген пайыздық несиемен алатын болады. Халықты баспанамен қамтудың барлық мүмкіндіктерін одан әрі қарастыра беретін боламыз – деді пәтер кілттерін тапсыру салтанатында сөйлеген сөзінде қала әкімі Мұрат Бөрібаев.

Жаңа жылды жаңа пәтерде қарсы алатын қуанышты жандардың бірі Нұрсұлу Әбілдинованың пәтер кезегіне тұрғанына 15 жылдай болған екен. «Өте қуаныштымын. Отағасым өмірден озған еді. Үш бөлмелі кең пәтер бұйырып жатыр. Азаматтарға рахмет!» деді ол кілтін қолына алып тұрып. Бұл барша қонystой иелерінің қуанышы мен тілегі іспетті естілді.

*Абдолла ДАСТАНОВ*

## ОНЛАЙН-ТӨЛЕМ ТИІМДІ ЕКЕН

***Өткен жылдың ақырғы күндерінен бастап Сәтбаев қаласындағы қоғамдық көліктерде жолақысын онлайн төлеу жүйесі енгізілген еді.***

Онлайн төлемді Kaspi және Halyk Bank мобильді қосымшалары арқылы төлеуге болады. Бұл жолаушылардың көңілінен шығып жатқанға ұқсайды. Өйткені, есеп айырысудың жаңа әдісіне көшіп жатқандар қатары күн санап артып келеді. Көпшілік әдетте жаңа жылмен бірге қабаттасып жетіп келетін қымбатшылықтың орын алмағанына, яғни, жолақының бұрынғы мөлшері сақталып қалғанына да қуанышты. Қазір жолаушылар қалаішілік маршруттарда бұрынғысынша 60 теңге төлейді.

Былтыр қалалық автопарк тасымалдаушының қаражаты есебінен айтарлықтай жаңартылып, сыйымды және жайлы жаңа автобустар жолаушылар тасымалының сапасына оң әсерін тигізді.

Ал, онлайн-төлемге көшу қалалық инфрақұрылымды дамытудағы және жолаушылар үшін ыңғайлылықты арттырудағы кезекті қадам екені сөзсіз.

*(Өз тілшімізден)*

• БӘРЕКЕЛДІ!

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ АҚШ-ҚА ОҚУҒА БАРАДЫ

***Жезқазған қаласы әкімдігі аппаратының бас инспекторы Айдарбек Әлімжан шетелде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссия отырысының шешімі бойынша «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атанды. Ол енді қолға тиген жолдамасымен АҚШ-тың беделді оқу орындарының бірі – California-Davis университетінде Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша оқитын болады.***



Айдарбек Әбішұлы 2016 жылы академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бакалавр, құқықтану мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Жезқазған қаласы әкімдігінде тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі инспектор болып бастаған еді. Содан бергі кезеңде қала әкімдігі аппаратындағы мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы, антитеррористік комиссия жөніндегі бас инспектор, мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімінің бас инспекторы тәрізді лауазымдық жолдардан өтті. ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында оқып, магистратура, мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының академиялық дәрежесін алды.

Айдарбектің «Болашақ» стипендиясы арқылы Калифорния университетіне жолдама алуы шетелдің үздік оқу орнында білімін одан әрі жетілдіріп, кәсіби және ғылыми әлеуетін арттыруға жол ашып отыр. Қала әкімі Қайрат Шайжанов мемлекеттік қызметте еңбек етіп келе жатқан уақыт ішінде Айдарбек Әлімжанның өзін жауапкершілігі жоғары, кәсіби білікті маман ретінде танытқанын атап өтіп, оның «Болашақ» бағдарламасы аясында білімін жетілдіруі Қазақстанның мемлекеттік басқару саласындағы жаңа идеялар мен халықаралық тәжірибені енгізуге қосылатын лайықты үлес болатындығына сенім білдірді, стипендия иесін құттықтап, сәттілік тіледі.

*Амандық РАХҰЛЫ*

CMYK

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# ЖАҢА ҚАЗАНДЫҚ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

***Жезқазған қаласында тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды жылумен қамтамасыз етуде сенімділік орнықты. «Қазақмыс Энерджи» ЖШС-не қарасты жылу-электр орталығында жетілдірілген үлгідегі технологиямен жабдықталып, жаңартылған №8 қазандық іске қосылды.***



Жылу қазандықтарын жаңарту өте күрделі жұмыс саналады. Мәселен, ЖЭО тарихында 1993 жылы №11 қазандық толығымен жаңартылғаннан бері мұндай ауқымды жоба атқарыла қоймаған еді. Сондықтан, 210 мың сағаттан астам уақыт қызмет жасап, тозуы 90%-ды құраған №8 қазандықтың толықтай жаңартылуы жылу-энергетика саласындағы үлкен игілік ретінде бағалануда. Өткен жылдың мамыр айында «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасы бойынша ҚР Энергетика министрлігімен инвестициялық келісім жасалған болатын. Жобаның жалпы құны 8,8 млрд. теңге болды. Келісімге сәйкес 2025 жылдың шілдесінен бастап 2029 жылдың маусымына дейін 10,2 млрд. теңге инвестициялық салымдарды қайтару көзделген.

Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен күрделі жөндеуден өтіп, заманауи озық технологиялармен жабдықталған №8 қазандық енді сағатына 220 тонна бу өндіруге және электр қуаты өндірісін 40 мегаватқа арттыруға мүмкіндік береді. Жаңа қазандықтың іске қосылуы қаладағы тұрғын үйлердің жылу жүйесінің жағдайын жақсартып, температураның бұрығыдан жоғары болуын қамтамасыз ететін болды. Қазіргі таңда ЖЭО-да 7 қазандық жұмыс істейді. Олардың бесеуі штаттық режимде жұмыс істеп тұрса, біреуі сынақ режимінде, екіншісі резервте тұр.

***Амандық РАХҰЛЫ.***

АЙТАЙЫН ДЕП АЙТПАЙСЫҢ...

# ҚАШАНҒЫ КҮЛГЕ КӨМІЛЕ БЕРЕМІЗ?

***Бұл биыл ғана орын алып жатқан жағдай емес. Былтыр да, бұрнағы жылы да осылай болған. 2024 жылғы 4 ақпанда Kazakhtys компаниясының баспасөз қызметі Сәтбаевтағы қара қарға қатысты El.kz ақпарат агенттігіне төмендегідей түсініктеме берген екен. Бірге оқып көрейік.***



"Бірқатар БАҚ-та 2024 жылғы 31 қаңтарда Сәтбаев қаласында ластанған қар түрінде жауын-шашын түскені туралы ақпарат тарады. Бұл оқиғаны жылу, электр энергиясын өндіру, беру, тарату және жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру саласында қызмет көрсететін «Kazakhmys Distribution» ЖШС қызметімен байланыстыруда. Компанияда қолданылатын тазарту жабдықтары ескірген және қалыпты жұмыс істемейді деп те айтылған. Бұл ақпарат шындыққа жанаспайды, - делінген Kazakhmys компаниясының мәлімдемесінде.

Компанияның мәлімдеуінше, Сәтбаев қаласының шетінде орналасқан №1 жылу станциясы қаланы және оған іргелес өндірістік нысандарды жылу энергиясымен және ыстық сумен қамтамасыз етеді. Онда үш ұйымдастырылған шығарындылар көзі бар:

1. Тазалау коэффициенті 98,5-99% болатын күл ұстайтын жабдық орнатылған ПТВП-100 су жылыту қазандықтарының түтін құбыры.

2. ДКВР 10/13 бу қазандықтарының түтін құбыры, онда 80-92% тазарту коэффициенті бар өнімділігі 26000м$^3$/сағ күл ұстайтын қондырғылар жұмыс істейді.

3. Жобалық шешімге сәйкес орындалған ашық көмір қоймасы. Компания 31 қаңтарда «Kazakhmys Distribution» ашық қоймасында көмір түсірілгенін түсіндірді. 20-25 м/с дейін екпіні бар қатты желдің нәтижесінде көмір шаңының көптеген ұсақ бөлшектері Сәтбаевтың тұрғын алаптарына қарай ұшқан. Бұл форс-мажордың тазарту жабдықтарының жұмысына ешқандай қатысы жоқ. Күл ұстайтын қондырғылардың жұмысы штаттық режимде жүргізіледі. Айта кету керек, жылыту маусымына дайындық кезеңінде жыл сайынғы негізде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде су жылыту және бу қазандықтарының күл ұстайтын қондырғыларына жөндеу және қызмет көрсету жүргізілуде, – деп түсіндірді компания».

Міне, содан бері бір жыл уақыт өтті. Жаңа жылу беру маусымы басталды, 2025 жыл төрімізге өтті. Бірақ, төбемізден әлі күл саулап жауып тұр ғой. Бұл қалай? Сонда «Kazakhmys Distribution» 2024 жылдың 31 қаңтарындағы түсіре бастаған көмірін әлі түсіріп жатыр ма?

Осындайда «Құзырлы органдар қайда, олар өткен қыстан кейін қазандық иелеріне қандай шара қолданды? Егер қолданған болса, нәтиже қайда?» деген сұрақтар туындайды. Облыс бұрынғыдай 600-700 шақырым қашықта емес, іргемізде тиіп тұр. Облпрокуратурадан бастап, облыстық экология департаменттері қайда? Жоғарыда жазғанымыздай, басқа жылдарды айтпағанда, Сәтбаев қаласындағы қара күлдің жағдайы 2023-2024 жылдарғы қысқы жылу беру маусымында республикаға әйгілі болды ғой. Тіпті, мұны айтпағанда, жергілікті халық әлеужеліде күн сайын жазып, дұрысын айтқанда, зарлап жатты ғой. Неғып соның ешқайсысы тиісті құзырлы органдарды селт еткізе алмады? Әлде олар да қаланың төбесінен төгілтін күл «Kazakhmys Distribution» компаниясының көмір түсіріп жатқанына ғана байланысты екендігіне иланып қалды ма екен?

Биылғы жылу беру маусымы қалыпты өтіп жатыр. Пәтерлеріміз жып –жылы. Кейбір тұрғындар жылудың алабөтен ыстық екенін де айтады. «Терезені ашайық» десек, күл үйімізге кіріп кетеді» деп қорқамыз» дейді олар. Әрине, қыстыгүні елдің жылы үйде отырғанына не жетсін? Бұл үшін рахмет айтуға тиіспіз. Дегенмен, мынау көзімізді аштырмайтын, дұрыс тыныс алдырмайтын көктүтінді қайтеміз? Қара күл жұтып, денсаулықты құртып жатқанымыз үшін менің ойымша, тікелей «Қазақмысдистрибьюшн» компаниясы тікелей жауап беруге міндетті. Бұл компанияға Сәтбаев қалалық жылумен-сумен қамту мекемесі 2 млрд. теңге қарыз көрінеді. Бұл қарызды сіз бен біздің әліп-талып жинаған салығымыздан құралатын қала бюджеті төлеуге тиіс. Сонда қалай болғаны? Қаланы қара күлге көміп қойғаны үшін «Қазақмыс дистрибьюшн» қалаға, халыққа ешқандай айыппұл, өтемақы төлемей ме? Алуды білетін компания беруді де үйренуі керек.

***Абдолла ДАСТАНОВ,***
***Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.***

«ШАРАЙНА» ГАЗЕТІНЕ - 35 ЖЫЛ

# АҚПАРАТ АЙДЫНЫНДАҒЫ БІР АЙНА

***Қазіргі «Шарайна», бұрынғы «Сарыарқаның» бас редакторы Владимир Нудьғаның Жезқазған облыстық «Центральный Казахстан» газеті бас редакторының бірінші орынбасары болып қызмет ауыстыруына байланысты оның орнын ұсынғанда бірден келісім бере қойған жоқпын. Өйткені…***

***Автордан: Биыл Сәтбаев қаласындағы ақпарат құралдарының бірі «Шарайна» газетінің жарық көре бастағанына -35 жыл. Бұл газетте кезінде өзіміздің де қолтаңбамыз қалған болатын. Сондықтан, газет мерейтойы қарсаңында, оның тарихына қатысты бұрын да жарияланған естелікті сәл-пәл толықтырумен қайта жариялауды жөн көрдім.***

Біріншіден, Көкшетаудан Жезқазғанға қызмет ауыстырып келгеніме айналасы екі-үш жыл ғана болған еді.

Екіншіден, бөлкім бастысы да осы болар, орысша-қазақша шығатын газетке басшылық жасауға жүрексіндім. Орысшаға қайбір төгіліп тұрған адамбыз?!

Сонымен, В.Нудьғаның орны жарты жылдан аса бос тұрды. Бір күні қаланың сол кездегі басшысы Серәлі Досмағамбетов шақырып алды да: – Отыр да өтінішіңді жаз, – деді. Сонымен, бір бөлім басшысын шақырып, «мына жігітті редакцияға апарып таныстыр» деп тапсырды.

Редакция ол кезде қазіргі Наурыз көшесінің бойындағы «Қалалық Оқушылар сарайы» деп аталатын мекеме орналасқан ғимараттың екінші қабатында еді. 1993-1994 жылғы қыстың қандай әбігерге салғанын қазір көбіміз ұмытып та кеттік қой. Жылу да, су да жоқ кезең еді. Екі күн қатарынан барғанда да редакцияға кіре алмадық, есік жабық.Сөйтсек, кабинеттің суықтығы соншалық, ішінде отыру мүмкін емес болғандықтан, қызметкерлер материалдарын үйде жазуға мәжбүр екен. Жұмысқа материалдарды баспаханаға жіберетін күні ғана жиналатын көрінеді. Менің «Шарайнаға» келуім осылай басталған еді.

Қаладағы жылу жағдайының 94-тің қысында да оңала қоймайтыны байқалды. Қала басшысына қайта-қайта кіріп жүріп, қазіргі қалалық мекемелер ғимаратының екінші қабатынан екі кабинет алуға қол жеткіздік. Мұнда ана жаққа қарағанда жағдай тәуір болатын, қанша дегенмен, қала әкімдігі орналасқан ғимарат қой. Шай ішкенде маңдайымыз терлей қоймаса да, аузымыздан буымыз бұрқырамайтындай жағдайға жеттік. Жылу жағдайын түзеу сол кездегі облыс әкімі Қажымұрат Нағмановтың келуіне байланысты 1994-тің қараша айының ортасынан бастап қана мықтап қолға алынды.

Редакцияда таза қазақ тілінде жазатын журналист жоқ болды. Тек Мәди Әлжаппаров қана екі тілде жазады, бірақ, Мәкең де орысшаға бейімдеу. Негізінен қазақша мақалаларды, әсіресе, қала әкімдігінің жұмыстарын көрсететін мақалаларды өзіме жазуға тура келді. Газеттің көлемі бар болғаны – 4 бет, оның да бір беті «ТВ программа». Тек қазақша жазсаң әкімдіктегілер «орысшасы қайда?» деп реніш білдіреді. Бірыңғай орысшасын берсең, қазекемдер қазақшасын сұрайды. Сосын амалсыздан бір мақаланың қазақша-орысшасын қатар беруге көштік. Бұл жалпы дұрыс еместігін ішіміз сезеді, бірақ, «арбаны сындырмау, өгізді де өлтірмеудің» басқаша жолын таба алмадық.

1995-тің бас кезінде қала басшысы ауысты, қала әкімі болып Серік Мәкенұлы Төрегелдин келді. Жаңа басшы жаңа талап қоятыны белгілі. Секеңнің түймедей ісін түйедей етіп көрсеткенді қалайтыны да байқалып қалды. Мінезі де қызық, аумалы-төкпелі. Бірде жағасың, бірде жақпайсың. Кейінгісі күн өткен сайын таразы басын басып бара жатты. «Басқа редактор іздегеніміз дұрыс шығар?» дегенді де сөз арасында елеусіздеу ғана ескертіп қойды.

Қазіргі қала әкімдігінің ғимаратында кезінде қалалық партия комитеті орналасқан болатын. Партия тараған соң, ғимаратты қалалық өнер мектебіне берген еді. С.Төрегелдин қала әкімдігін сол ғимаратқа көшіргісі келді. Бірақ, «мұны халық қалай қабылдайды?» деп аздап жалтақтап та жүрді. Мұндайда билігі барлар, әрине, бұқаралық ақпарат құралдарын іздей қалады ғой. Серік Мәкенұлы да мені



шақырып алып, «осындай ой бар, соны халыққа дұрыстап түсіндіру керек» деген тапсырма берді. Ақиқатын айтқанда, С.М.Төрегелдиннің ол ойы дұрыс болатын. Қала әкімдігі жеке әрі көрнекті ғимаратқа орналасса несі айып? Содан «Көңілге қонымды қоныс аудару» атты мақала жазып, Мәкеңе орысшаға аудартып, газетке жарияладық. Серік Мәкенұлы – мәз. Ырза болғаны соншалық, «газетті де өзімізбен бірге сол ғимаратқа ала кетеміз» деп, бізге қазіргі әкімдіктің екінші қабатындағы кіші мәжіліс залы орналасқан кабинетті өзі ұсынды. «Басқа редактор іздеу» мүлдем ұмытылып, қайда барса қасынан тастамайтын болды.

Ол кезде қазіргідей «подписка»деген науқан неге екенін білмеймін бола қоймайтын. Шамасы, демократия кезінде бәрі еркін болу керек дейтін ұстаным үстемдік құрып тұрды ма екен? Бірақ, өз еркімен жазылатындар да болды, әйтсе де, олардың саны әрі кеткенде 250-300-дің көлемінде ғана болатын. Газет негізінен «Союзпечать» киоскілері арқылы тарайтын. Мұның бір тиімсіз жағы, олар редакциямен есеп айырысуға келгенде әртүрлі себептерді алға тартатын. «Облыс ақша аудармай жатыр», «Газеттің өтімі нашар» және т.т. сылтаулар айтып, сатылған газеттің ақшасын аудара қоймайды. Сондықтан, біз газетті өзіміз сатуды қолға алдық. Бұл Жезқазған – Сәтбаев қалаларында бұрын ешбір газет қолға алмаған шаруа болатын. Апта сайын қанша газет өткенін нақты біліп отырамыз және тапқан тиын-тебеніміз бірден редакцияға келіп құйылады. Газет өтімді болса, таралымын көбейтеміз әйтпесе, керісінше жасаймыз.1996 жылдың басында газет таралымы 4500-ге дейін жетті. Ал, сол кездегі облыстық «Сарыарқа» газеті 4300 данамен тарайтын. Мұны көргенде Серік Мәкенұлы тіпті риза болды.

Сәтбаевтың газетіне басшылыққа кетіп бара жатқанымда «Сарыарқа» газетінің бас редакторы Сабыр Сауытбаев «білмегенің болса сұрап тұр, қысылма. Бірақ, саған бір тапсырма бар, бұл газет атауына қатысты. Екі бірдей газеттің «Сарыарқа» аталғаны оқырмандарды шатастырып жатады, сондықтан, газеттің атауын өзгертуді ойластыр» деген еді. Мұны Серік Мәкенұлына айтқанымда, «Переименование» деген мода болған екен қазір. Керегі жоқ, оған қаншама қаражат керек» деп қарсы шықты. «Секе, ешқандай да қаржы кетпейді, тек мөрді ғана ауыстырамыз ғой» дегенімді тыңдағысы да келмеді. Сонымен, Сабыр ағамның тапсырмасы орындалмай қалды.

«Қаламыз – шағын, бізге бірнеше базардың қажеті қанша?» дегенді алға тартқан Секең осы күнгі мешіт тұрған жерден бастап қала әкімдігінің ғимаратына шейінгі алаңды қоршатып, «бір ғана үлкен базар ұйымдастыруды» қолға алды. Ол кісінің мұнысы қай тұрғыдан қарағанда да көңілге қонымсыздау іс болатын. Осы туралы облыстық «Сарыарқа» газетіне Қойшыбек Тоқтамысұлының сыни пікірі жарияланды.

Әкім шақырып жатыр дегесін бардым. Серік Мәкенұлы өте салқын қарсы алды.

«Сен неге сын мақала жазғансың? Маған жұрт телефон соғып, «өз газетің өзіңді сынапты» деп жатыр» деген өкпесін жеткізді. Мен әрине, әңгіме қандай мақала туралы болып отырғанын түсіне қойдым. Бірақ, ашып айтпадым да, «өз газетінің өзін сынауы» мүмкін еместігін сездіріп, «мүмкін облыстық «Сарыарқа» шығар?» дедім. Бірақ, ол кісі «ештеңе де тыңдағым келмейді, маған бес-он минуттан кейін сол мақала шыққан нөмірді алып кел» деген тапсырма берді. «Бұл мүмкін емес, өйткені, өзіміздің газетте ондай мақала шыққан жоқ, маған сенбесеңіз, акиматтың бір қызметкерін жіберіңіз, барлық нөмірді ақтарып шықсын» деп мен де кабинеттен шығып кеттім. Содан соң бір қызметкер келіп, газет тігіндісін әрі ақтарды, бері ақтарды ақыры кетті. Ертесіне әкім тағы шақырды. «Газеттің атауын ауыстыру керек, әйтпесе, үнемі шатасамыз да жүреміз» деді. Сөйтіп, газетке жаңа атау ұсынуды тапсырды және «мұны тым көпке соза бермей, жылдамдат» деп нығарлап та қойды. Ұжыммен ақылдасып, «Шарайна» атауына тоқтадық. Әкімнің ойы басқа екен. Ол кісі «Достық» деп атауды қалады. Газеттің қос тілде шығатынын, орыстілді оқырмандардың «достық» сөзін бұзып айтатынын әрі газет атауына саяси рең берудің қажетсіздігін алға тарта отырып, қарсылық білдіруге тура келді.

«Ертеде бір патшаның қолында шарайнасы, яғни, үлкен айнасы болады екен. Ол елдегі болып жатқан жағдайды сол шарайнасына қарап біле қояды екен, газет те сіздің шарайнаңызға айналуы тиіс» дегенді айтып, Секеңді осы атауға иліктірдім. Бірақ, дегенмен ол кісі сақтық танытып, «Қазақстан» телеарнасының басшыларына хабарласуды тапсырды. Мәселенің мәні мынада еді. Шерхан Мұртаза басшылық жасаған кезде аталмыш телеарнаның жаңалықтары «Шарайна» айдарымен берілетін. Ол кісі кеткесін орнына келген Ләйлә Бекетова, аты-шулы Виктор Храпуновтың әйелі, сол «Шарайнаны» алып тастаған болатын. «Сен айтып отырған «шарайна» сондай жақсы сөз болса, неге олар алып тастайды?» деген Серік Мәкенұлының тапсырмасымен «Қазақстан» телеарнасының вице-президенті Әлібек Асқаровқа телефон шалуға тура келді. Әлекеңе жағдайды айтып едім, «нағыз газет атауы, бізге орыстілді басшы келіп, сол сөзден айрылып қалып отырмыз ғой» деген өкінішін де жасырмады. «Ендеше, осыны біздің әкімге айтып, түсіндірсеңіз екен» деген өтінішімді Әлекең жерге тастамады.

Секең «келесі сессияға осы мәселені енгіземіз, депутаттар алдында газет атауын өзгертуге қажеттілік неден туындағанын өзің түсіндіріп айтасың» деді. Ол кезде депутаттар саны 30-дың үстінде болатын әрі барлық мекеме басшылары қатысатын. Зал толы жиынның алдында орыс тілінде сөйлеу оңай бола қоймады, дегенмен, депуттар қолдап, қаулы қабылдады. Сөйтіп, 1996 жылғы 22 наурызда газет «Шарайна» атауымен жарық көрді. Наурыз мерекесіне арналған жиында Серік Мәкенұлы көпшілікке мұны жақсы жаңалық ретінде қуана хабарлады. Облыстық «Сарыарқа» «Сәтбаевтықтар енді «Шарайнаны» оқиды» деген хабар жариялап, сүйіншіктерін танытты.

Ол кездегі ең басты проблема маман журналистердің тапшылығы еді. Сондықтан, мамандығы мал дәрігері болса да, Сапархан Исаховты жұмысқа алуға тура келді. Мұны біреу түсінді, біреу түсінбеді. Жазуы төгіліп тұрмаса да, бұрын аудандық газетке мақалалар жазып тұрған, штаттан тыс тілші атанған азды-көпті тәжірибесі барын ескердік. Сол Сапекең газетте 3-4 жылдай еңбек етті.

Орысша жазатын Вячеслав Щегловтың жұмысқа келгенінен келмейтіні көбейген тұста жұмысқа шақырылған Татьяна Цай да газетке келгенде институтта сырттай оқитын. Жазуға икемі бар екен, сосын сенім көрсеттік. Ол бірте-бірте ысылып, әп-әдемі тілшіге айналып кетті. Машинка теруді білмесе де Ақмарал Мағзұмованы машинистка етіп жұмысқа қабылдадым. Оған машинка басуды үйрену үшін Абайдың «Қара сөздерін» тергізіп қоятынмын. Шын ықыласымен кіріссе үйренбейтіндей қиын жұмыс емес қой, кейін Ақмарал машинканы көзін жұмып отырып басатын болды. Мектепті енді ғана бітірген Гүлнәр Жаналинованы фототілшілікке тарттық. Осының бәрі әлгінде айтқан мамандар жетіспеушілігінің салдары болатын. Бірақ, бір жамандықтың бір жақсылығы болады демекші, олар газетте жүріп үйренді, ысылды, жақсы мамандарға айналды.

Әрине, «мен осылай жасадым» деп айту қиын. Дегенмен, газетке басшылық жасаған тұста газеттің атауын ғана емес, оның мән-мазмұнын да өзгертуге ықпал жасадым-ау деген ойдамын. Ең бастысы, газет қарапайым тілмен айтқанда, қазақыланды. Газеттің тіл, дін мәселелеріне, яғни, ұлттық құндылықтарға көңіл бөле бастауының негізі сол жылдарда қаланды десек, оқырмандар артық айтты дей қоймас деп сенемін.

Қазіргі «Шарайна» осы заманғы технологияны толық меңгерген, кәсіби мамандары жеткілікті толыққанды газет» деген пікірдемін. Биыл «Шарайна» өзінің Отыз бес жасқа толғанын тойлайтын болады.

Ақпарат айдынында өзіндік орны бар «Шарайнаға», газеттегі әріптестерге жаңа шығармашылық табыстар тілеймін!

***Абдолла ДАСТАНОВ,***
***ҚР Ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, газеттің 1994-1997 жылдарғы бас редакторы.***

***Суретте:*** *«Шарайна» -20, яғни, осыдан он бес жыл бұрын.*

ТАРИХ ТОЛҚЫНДАРЫ

# ЕКІ МӘРТЕ ҚАЙТАЛАНҒАН «16 ЖЕЛТОҚСАН»

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

*(Жалғасы. Басы газетеміздің №42 (111) санында)*

Менің баяндамамды бір әрпін қалдырмай қай талауыма мәжбүр еткен шешем сөзімнің мағы насын ұқты да, әкеме:

– Олжас дұрыс айтады, – деді.

Содан соң қарындастарым мен інімді та мақ тандыруға асүйге кіріп кетті.

Үнсіз түксиген Әбекең менің арқамнан қақты. Мен оны құшақтадым.

Сол жолы Құдай қақты: оны жұмыстан шы ғармады, мені шығара алмайды. Себебі, еш жерде жұмыста жоқпын. Еркін суреткермін. Жылына екі кітапша өлең жазамын. Одан бөлек Шәкен Аймановтың «Атамекен» фильміне сценарий жазған «Қазақфильмде» штаттан тыс сцена ристпін.

Фильм жарыққа шықты, сол 1964 жылы мен «Қазақфильмнің» сценаристер кеңесінің мүшесі, алты айдан соң кеңестің бас редакторы, Көркемдік кеңестің мүшесі болдым. Студияның директоры – Камал Смаилов.

1964 жылдың күзінде Хрущев зейнеттік демалысқа шығып, орнына Брежнев келді де бірден ККП ОК (Кеңестік Коммунистік Партияның Орталық Комитеті) Бірінші Хатшылығына Қонаевты алдырды.

Мұндай орын алмастыруға көпшілік арасынан қуанған да бар, өкінген де бар. «Қазіргі басшылық жүйенің және жолдас Қонаевтың жеке басының кемшілігін» тізіп шыққан шенеуніктер оған, әсіресе, қатты қапалы еді.

Димаш Ахметұлының қайта оралуы мені адамдық тұрғыда қуантты, бірақ тасым өрге домалай қояды-ау деп емексіген емеспін. Кездесуге жүлқынбадым, өлең-жыр да арнамадым, газеттегі мақалаларымда да не оның, не Брежневтің есімін атамай, әдебиетші ретінде жазған кітаптарым арқылы өсуді көздедім. 1964 жылы Қазақстан Комсомолы сыйлығының алғашқы лауреаты болдым. 1967 жылдың қарашасында Бүкілодақтық Ленин Комсомолы сыйлығын тұңғыш алған кеңестік ақын атандым. Осы сыйлықтардың бәрі Қонаевтың көкірегіне, «еліміз Әуезовтан кейін тағы бір Ленин сыйлығын ала алады» деп ұялатқан сенімді идеология жөніндегі хатшы Саттар Имашевтан естідім. Өзіне шақыртқан ол «Адамға табын, Жер, енді» секілді мазмұндағы Ленин туралы жалынды поэма жазуға «әлеуметтік тапсырыс» берді (көсемнің жүз жылдығы жақындап қалған болатын). Ол «Правданың» редакция алқасымен басылымның екі бетіне бірден жариялау жөнінде келісіп қойған. Тіпті, «ересек Ленин сыйлығына» да ұсынып үлгеріпті. Осының бәрі басшылықтың ықыласы дегенді емеурін арқылы білдірді. Қонаевты ғана емес, Брежневті де түсінуге болатын еді.



Мен ол кезде Шумермен, Ассириямен, Бабылмен айналысып, Түркілер ізінің түп негізін іздеуге кірісіп кетіп едім. Біздің дәуірімізге дейінгі 7 ғасырда тасқа басылған ассириялық деректерді оқу үстінде Ас сирияға Каспийдің батыс жағалауынан келіп шабуыл даған көшпенділердің империяны 28 жыл билегені жайлы деректерді ұшыраттым. Олардың ишкуз деген атауын түрікәзірбайжан халықтарының «Қорқыт ата» эпосында сақталған этнониммен салыстырып қарадым. Оғыздар әлемді – іч оғыз (ічкі-ууз) және таш-оғыз (ташууз) деп екіге бөлетін. Яғни, өздерін «ішкі ха лық» десе, қалған түркілер мен түркі еместерді – «сыртқы халық» деп атайды екен. Мұндай этноцентризм шамасы о баста барлық этностарға тән болса керек. Меніңше, Славяндар әлемді біз (мы) және біз емес (немы) деп бөлген. Соңғы сөз дами келе «немы» – «сөйлемейтіндер» болып – нем есть>немец шыққан. Ал бірінің сөзін бірі түсінетіндер – словяне деп аталған.

Осының бәрінен бас тартып, баяғыда өтіп кеткен, әбден таптаурын тақырыпқа оралу қиынның қиыны еді. Жас күнімде Ленин жайлы өлеңді жазып, ол турасындағы бар шындықты түсіндірушілердің ақи-қатын білгенге дейін жазып тастаппын.

Бірнеше ай бойы тақырыппен шындап арпалысып, жүздеген бет жаздым да. Бірақ поэмаға шынайылық жетіспегендіктен жүрмей қойды. Жасауы мол кемпірге үйленуге тұп-тура мәжбүрлегендей халден арыла алмадым. Ешкімнің көзіне ілінбеген, еңбегі де еленбей жүре беретін сүйкімді ғашығым жеңді. Көсемнің мерейтойы қарсаңында 1969 жылы, махаббат деген сезімінің шынайылығы үшін зынданға салынған Шамхатқа хан Ишпақтың ғашықтығы туралы «Қыш кітап» жарық көрді. Саттар Нұрмашұлының бұған көңілі қалып, наразы түр танытты: «Біз саған кім туралы жазуды өтіндік? Ал сен кім жайында жаздың? Бабыл жезөкшесі ме?!. Бұл үшін саған Бабыл сыйлығы ғана лайық!»

«Қыш кітапты» француз және поляк сыншылары: «Кеңес әдебиетіндегі үздік поэма. Онда жауызды адамға айналдыратын махаббат қана айтылған», – деп бағалады.

Мен сол жылы Жазушылар одағының төрағасы болып сайландым. Жұмыс бабында Имашевпен жиі кездесуге тура келді. Оның көңіл-күйіне қарап, қолдан шығып кеткен Ленин сыйлығы үшін мені басшылық кешіргенін, әлі де үміт бар екенін ұқтым. Күте тұруға келістік.

Алайда, 1975 жылы «Аз и Я» жарық көріп, ойға алған жоспардың бәрінің быт-шыты шықты.

КОКП ОК-нің үш бірдей – мәдениет, үгіт-насихат және ғылым бөлімдері бірігe жұмылып, 1976 жылдың қаңтарында қауіпті кітаптың талқылауын дайындап жатты. ОК-тің Қаулы Жобасы әзірленді (1948 жылдан бастап елде әдеби шығармаға Қаулы шығарылмаған еді).

Енді сыйлық жайына қалып, авторды құтқару мен «Халықтар достығы лабораториясы» саналған республиканың беделін сақтап қалуды ойлау керек еді. Оның үстіне кітапты Сусловтың өзі «ұлтшылдық пен пантюркизмнің энциклопедиясы» деп тапса, әлдебір мәскеулік журнал «сионизм» дегенді де қосақтап жіберді.

Мұндай жағдайда «республиканың қатардағы жетекшісі» қандай қадамға баруы тиіс?

Мысалы, 30-шы, 40-шы және 50-ші жылдардағы әріптестерімнің кітаптарына қара таңба басып, өз дерін: «бір биеден ала да, құла да туады» деп ұстатып жіберген еді ғой.

Қанша дегенмен, қарсы тұруға болатын еді, уақыттың өзі 30-шы жылдардағыдай емес. Әйтсе де жаңа тәжірибенің қорытындысы қандай уақыт болса да сатқындыққа кедергі келтірмейтінін көрсетті. Адалдық пен оңбағандық кезең-кезеңге, жікжікке бөлінбейді. Халық – әртүрлі тұлғалардан құралған күрделі құбылыс. Жоғарыдан төменге дейін. Бірақ қоғам үшін, онда да жоғарыға жоғары санатты адамдардың жетуі үшін тірі қалу аса маңызды. Яғни, адал жандардың мол болғаны дұрыс. Онда халықтың пейілі таза, әрі іргесі бүтін. Тіпті халықтың өсуі мен құлдырау санына қарап, тура сол кезең мен басқа кезеңдерде елді қандай адамдар басқарғаны туралы кесте жасауға болады. Ондай көрсеткіштерді мен студент күнімнен жақсы білемін: 1926 жылы республика аумағында қазақтардың саны 6 миллион 200 мың адам болса, 1939 жылы 2 миллион 100 мыңға төмендеді. Сандардың дәл бұлай құлдырауы – Сталинге және елді 30-шы жылдарда басқарған «қатардағы басшыларға» шығарылған тарихи жаза. Осыдан кейін 13 саны қазақтар үшін де бақытсыз сан екенін ұғасың: 1939 – 1926 = 13. Қазақ халқының қасіреті жайлы жазылатын болашақ романның атауы – «Он үш».

…Қонаев ОК екінші хатшысы Валентин Карпович Месяцпен бірлесіп басқа жоспар жасады. Димаш Ахметұлы кітапты Брежневке апарып, уақыт тауып, оқып шығуын өтінеді.

Арада біраз уақыт өткен соң телефон соғып: «Леонид Ильич, оқыдыңыз ба?», – деп сұрайды. «Иә, оқыдым». «Ұлтшылдық бар ма екен?!». «Ешқандай ұлтшылдық көрмедім». «Суслов бар дейді ғой». «Сусловтың қатысы қанша!.. Мен жоқ дедім. Бітті».

Сол кезеңмен салыстырсақ, айыпталған кітап үшін бұл ең жоғары рецензия еді.

Осылай болғаны туралы Д.А.Қонаевтың мемуарларынан оқып, білдім. Естеліктерде баяндалмаған кей жайттарды автор «екеуіміздің арамызда қалсын» деп, өзіме айтып берді.

Бірақ Суслов КОКП ОК-де талқылау өткізуге ұмтылысын тоқтатпады, тіпті, мерзімін, қаңтардың аяғына жоспарлап та қойды. 1976 жылдың 20-шы қаңтарында Месяц мені қысқа әңгімеге шақырды. «Димаш Ахметұлы сізге талқылауға қатыспауды ұсынады. Ауырып қалыңыз. Өзіңіз тіркелген емханаға барыңыз, денсаулығыңыз жайлы анықтама береді. Соны хатқа тіркеп, Мәскеуге шамамен ақпанның ондарында ғана бара алатыныңызды хабарлаңыз».

Дәл солай істедім.

Ақпанның 4-де Алматыда Қазақстан Компар тиясының съезі өтті. Жазушылар одағы басқармасының үш хатшысы да – съезд делегаты. Дәстүр бойынша бірінші хатшы ОК мүшесі болып сайланып, екінші хатшы ОК мүшелігіне кандидат ретінде тіркелетін. Ол кезде мен үшіншімін, екінші – Шерхан Мұртаза, бірінші – Әнуар Әлімжанов.

Екінші күні, съезд аяқталардың алдында бас қарушы органның сайлауы өтеді. Алдымен ОК мү шелікке кандидаттардың тізімі оқылады. Әліппе бойынша. Әнуар Әлімжанов алғашқылардың бірі. Шерхан екеуіміз оның қолын қыстық. Үшеуміз тура Президиумнің қарсы алдында,

залда отырмыз. Қазір ОК мүшелігіне съезд ұсынған кандидаттардың тізімі оқылады. Біз ,әрине, «Мұртазаев» деген фамилияны тағатсыз күтудеміз. Шерхан маған сыбырлап: «Біткен соң менің үйіме тартамыз. Бас дайын». Ол алғаш рет сайланып отыр. Атап өту керек. Тізім оқылып жатыр. «М» әрпінің қатары да келіп жетті, бірақ «Мұртазаев» жоқ. Мен Қонаевтың қасында отырған Месяцтің көңілін аударып, Мұртазаевты көрсетіп, «фамилиясын ұмыттыңыздар!» демекшімін. Сөйтіп отырғанда тізім де аяқталды. Кенет:

– «Сүлейменов Олжас Омарович», – деген дауыс саңқ етті. Сонда ғана Месяц біздің жаққа қарады, мен Мұртазаевқа сілтеп: «Қателік кетті!» деймін ым қағып. Валентин Карпович қолын болар болмас қана жазып: «Қайтем, болары болды!» деген ыңғай танытты.

Бүгін осындай мүмкіндікті пайдалана отырып, шындығында қалай болғанын Шерханға түсіндірудің сәті түскені бір ғанибет. Түсіндіру керек, себебі, ол сол күннен кейін, бәрін менің «пысықтығымнан» көріп, амандаспайтыны шығарған еді.

Мұндай ауыстырудың неліктен керек болғанын кейіннен білдім. Сөйтсем, мені ОК Пленумының құрамына Үш Бөлімнің талқылауы және партиялық сынның өтпеуі үшін кіргізіпті. Егер талқылау өтсе, республикаға соққы болар еді.

Ал, партиялық элитаның өкілін дәл бұлай сынға алу мүмкін болмағандықтан, талқылауды республика үшін қауіпсіздеу – КСРО Ғылым академиясында өткізуге ауыстырған. Талқылау 1976 жылдың 13-ші ақпанында өтті. Бізден ғылым бөлімінің меңгерушісі Санжар Жандосов, Республика Ғылым академиясының вице-президенті, тарихшы Ақай Нүсіпбеков және «Жазушы» баспасының бас редакторының орынбасары Геннадий Толмачев қатысып отырды. Талқылау таңғы 9-дан кешкі 6-ға дейін үзіліссіз жалғасты. Жиын протоколы академиялық «Вопросы истории», «Вопросы языкознания» журналдарында жарияланды. Бірақ онда менің түйін сөзім берілмепті. Соны ретін келгенде қайталай кетейін: «Академик Борис Александрович Рыбаков талқылауды ашып тұрып, «Алматыда орыс мәдениетін аяқ асты еткен оспадар, антиорыстық кітап жарық көрді» деп мәлімдеді. Маған Мәскеу мен Ленинградтағы, Киев пен Қиыр Шығыстағы көптеген оқырманнан «сіздің кітабыңыз ұлы орыс мәдениетіне және әдеби ескерткішіне ынтық сезімін білдірген» дегенді айғақтайтын хаттар жиі келеді. Мен олармен келісемін. Құрметті академик кітаптағы ондай жәйтті байқамапты. Ол республикалардағы авторлардың Ресейге ынтықтығын тізе бүгіп тұрып жеткізетініне дағдыланып қалса керек. Маған ондайды ешкім үйреткен жоқ. Пушкин де, Абай да».

«Аз и Я» кітабы тек әдебиетке ғана мықты ықпал жасап қойған жоқ. Егер біздің әдебиетшілердің бірі, тіпті, саясаткерлердің өзі «Аз и Я»-ның тағдыры жайлы диссертациялық зерттеу жасағысы келсе, онда оған осы бір туындының ықпалымен шыққан деректерді жинастыруы мен зерттеуіне көптеген жылы кетер еді.

